

**Астана қаласы  
«Тұран-Профи»  
қалалық шаруашылық колледжі**

**«Менің колледжім-менің болашақ мамандығым»  
«Менің мамандығым-менің міндетім»**

**Студент: Матаев Алмаз**

**[baran.askarovna@mail.ru](mailto:baran.askarovna@mail.ru)**

**Жетекшісі: Сейдахметова Баян Аскарловна**

**Астана қаласы  
«Тұран-Профи»  
қалалық шаруашылық колледжі  
физика және математика пәнінің  
жоғары санатты оқытушысы**

## «Менің мамандығым-менің міндетім»

### I.Кіріспе

Біздің еліміз қазіргі уақытта өзінің экономикалық дамуы мен қарқындауы жағынан бүкіл әлемге үлгі болып отыр. ТМД-ның, және кейбір шет мемлекеттермен салыстыра қарағанда біз өте көп жетістіктерге қол жеткізіп отырмыз. Қай жағынан алып қарасақ та Қазақстан бүкіл әлемге таныла бастады. Еліміз егемендікке қол жеткізгелі 24 жыл уақыт өтті. Осы уақыт аралығында Тәуелсіз елімізде көптеген жаңашыл өзгерістер болуда. Соның ішінде білім беру саласында айтарлықтай ерекше өзгерістер жүзеге асуда.

Кез-келген елдің әлемдік деңгейге көтерілуінде сол елдің білімі, ғылымы ең негізгі роль атқаратыны белгілі. Елбасымыз Н.Назарбаев Қазақстан халқына әр жылғы жолдауында осы мәселеге ерекше көңіл бөліп отырады. Еліміздің білім дәрежесін көтеру мақсатында бірнеше заң, жоба, бағдарламалар қабылдануда. Атап айтар болсақ, 2007 жылғы қабылданған «Білім туралы заң», 2010 жылғы қабылданған «2011-2020 жылдарға арналған ҚР білімді дамытудың мемлекеттік бағдарламасының жобасы», 2008 жылғы «Қазақстан Республикасында техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2008-2012 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы». «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2014 – 2018 жылдарға арналған стратегиялық жоспары».

Соңғы мәліметтерге сүйенсек, қазіргі уақытта елімізде 854-ге тарта колледж бар, олардың 56 пайызы мемлекеттік меншіктегі колледждер, онда 560 мың адам білім алуда. Астана қаласында орналасқан осындай білім беру мекемелерінің қатарына «Тұран-Профи» қалалық шаруашылық колледжі де еніп отыр. «Тұран-Профи» қалалық шаруашылық колледжі 2012 жылы Астана қаласының әкімдігінің қолдауымен ашылып, қазіргі уақытта 1114000 “Дәнекерлеу ісі”,1415000 “Лифт шаруашылығы және эскалаторлар”,1302000 “Автоматтандыру және басқару”,1403000 “Ішкі санитарлық құрылғыларды, желдеткіштерді және инженерлік жүйелерді пайдалану» мамандықтары бойынша болашақ техникалық бағыттағы мамандарды даярлауда.

2014 жылдың сәуір айында ҚР ҰКП инициативасымен Білім және ғылым Министрлігі мен халықты әлеуметтік қорғау және еңбек Министрлігі арасында бірлесе жұмыс жүргізуге арналған Меморандумға қол қойылып, техникалық және кәсіптік кадрларды даярлау жүйесін түпкілікті модернизациялауға шақыратын бірге жұмыс жасаудың қадамдық жоспары бекітілді. (сайт. [www.palata.kz](http://www.palata.kz))

ҚР ҰКП Басқарма Төрағасының орынбасары Нұржан Әлтаев атап өткендей, қазірде маңызды және өзекті мәселелердің бірі кадрларды олардың отандық кәсіпорындардағы талап етілуін ескере отырып даярлау болып табылады. Ол үшін Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Білім және ғылым министрлігімен бірлесіп Дуалды оқытуды енізудің жол картасын жасап шықты. Ол өңірдің машина жасау, металлургия, ауыл шаруашылығы, сервис, көлік, құрылыс және басқалары сияқты 11 басымдылықты саласынан тұрады. «Бұл бағдарламаға сәйкес 170-тен астам колледж 2014-2016 жылдар бойында шамамен 400-ге жуық кәсіпорын үшін 83 мамандық бойынша 10 мыңнан

астам маман даярлайды. Мамандарды даярлауды, қайта даярлауды, олардың біліктіліктерін көтеруді, сондай-ақ сертификаттауды сонымен қатар оқу орталықтары мен кластерлер жүзеге асыратын болады».

Жол картасына үңілетін болсақ Астана қаласы бойынша 5 басымдық қамтылған. Соның ішінде біздің колледжде даярланатын коммуналдық шаруашылық мамандықтар да қамтылған. Демек біздің колледжде даярланатын мамандықтар қазіргі таңдағы еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтар. Біздің колледжде қазіргі таңда осы бағыттағы жұмыстар да өз бастауын алып жатыр. Колледж үкімет тарапынан алға қойылған кезек күттірмес мәселелерді дұрыс шешу және жүзеге асыру үшін серіктестермен жұмыс жүргізуді дұрыс жолға қойып отыр. “TopCenter”, “ХКА “Тұран-Профи” БАИ”, “АО “Астана Энергосервис””, “Trening Consulting communication” (Германия), ТОО “Лифты Астаны”, ТОО “Астана лифтсервис”, “Астаналифтсервис -НС”, “Базис” құрылыс компаниясы, Филиал ОЮЛ НЭПК “Союз Атамекен” сияқты серіктестермен бірлес отырып жұмыс атқаруда. Осының нәтижесінде студенттердің жоспар бойынша өтетін өндірістік тәжірибеден өту, келешекте жұмыспен қамту мәселері толығымен шешіліп отыр. Колледжде болашақ мамандардың өз мамандықтарының қыр сырын толықтай түсіне білу, қазіргі таңдағы ең бірінші мәселе халыққа дұрыс қызмет көрсету, олармен дұрыс тіл табысу сияқты мәселелерді дұрыс игеруі үшін «Тұран-профи» БАИ мекемесінің жоғары деңгейдегі мамандары, ғалымдары, оқымыстыларымен студенттерге арналған семинарлар, кездесулер өткізілуде. Соның нәтижесінде біз өз мамандығымыздың маңыздылығын, оның қоғамда алатын орнын, оның келешегін, оның беделін, пайдасын толықтай түсіне бастадық.

## **II. Негізгі бөлім**

Мен өз мамандығыма қалай келдім? деген сұраққа жауап берейін. Менің мамандығым «Дәнекерлеу ісі». Менің әкем дәнекерлеуші. Менің осы мамандыққа келуіме сол кісінің себебі өте зор.

Әкем дәнекерлеу ісінің қиыншылықтарын ешқашан айтқан емес. Әкемнің қасында жүріп, қажетті заттарын дайындауға көмектесетінмін. Сосын әкемнің дәнекерлегенін өз көзіммен көрдім. Ол әр жұмысын өте мұқият және ұзақ жасайтын. Дәнекерлеу кезінде ұшқан шоқтарға қарап, мен әкемнің әр жұмысқа барып келуінің өзі ерлік екеніне көзім жетті. Әкем екеуміз үш күн бойы көршіміз Жақсыбек атаның үйінде жұмыс жасадық. Жұмыстың нәтижесіне риза болған Жақсыбек ақсақал маған, балам көрдің бе сенің әкеңнің қолы «гүл», менің үйіме сән кіргізіп, жайнатып тастады, тіпті менің күткенімнен де артық болып шықты, мына салынған қазақша ою-өрнектерді қарашы, біздің салт-дәстүріміздің көрінісі емес пе, қазір ауылда дәнекерлеушілер бұрынғы уақытпен салыстырғанда көбірек, дегенмен сенің әкеңе жететіні жоқ, ол өз ісінің шебері, мен әкеңе мың алғыс айтамын балам, сен де ертең өскенде әкең сияқты абыройлы, кәсіби шебер, адамдарға пайданды тигізетін адам болып өс!,- деді. Мен бұл сөздерді естігенде, әкемнің тек қана жақсы әке емес, сонымен қатар мейірімді жан, шебер маман екенін ұқтым, оның алған алғыстарына, оған айтылған тамаша сөздерге ерекше өз

ішімде мақтанып, өзімді төбем көкке бір елі ғана жетпей қалғандай сезіндім. Менің бойымда әкемнің жұмысына деген қызығушылық бұрынғыдан да арта түсті. Әкем екеуіміз үй-тұрмысына қажетті түрлі әсемделген заттар жасадық. Әкем бірде, менің саған бағыт- бағдар беру міндетім, өзің қалай ойлайсың, сен қандай мамандық иесі болғың келеді?-, деп сұрады. Мен көп ойланбай-ақ, әке әрине мен сіздің жолыңызды қуамын, мен де тек қарап жүргенім жоқ, Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев соңғы кездері техникалық және кәсіптік білімге көп көңіл бөліп жатыр, соның ішінде осындай техникалық бағыттағы жұмысшы мамандарға көптеген жаңашылдықтар енгізіп, жаңа мүмкіндіктер жасап жатыр екен, жыл сайын жаңа заңдар, жобалар, бағдарламалар, соның ішінде ерекше назар аударатыны техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған бағдарламасы екен, өткен жолы біздің мектепке колледждерден оқытушылар келіп кәсіптік бағдар берді, сонда осы туралы айтып берді және олар осы дәнекерлеу мамандығына біздің елімізде жете көңіл бөлініп жатқанын, егер мамандықты жақсы игерсең республикалық, тіпті халықаралық деңгейдегі сайыстарға қатысуға болатынын айтты, мен осы мамандықты таңдаймын, жоғары білімді маман болып, сіз сияқты өз ісінің шебері болған соң өзімнің мына әсем ауылымды көркейтуге өз үлесімді қосып, Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың ел болашағы жастардың қолында деген сенімін ақтауға тырысамын әке, - дедім.

Менің таңдаған мамандығым-менің мақтанышым. Мен өз таңдаған мамандығыма осылайша келдім. Мен өмірде дұрыс таңдау жасадым деп ойлаймын. Мен қазір осы мамандық бойынша білім алып келемін. Менің колледжім Астана қаласындағы Ш.Айманов көшесінде орналасқан «Тұран-Профи» қалалық шаруашылық колледжі деп аталады. Мен осы колледжде білім алып жатқаным өте қуаныштымын. Мен жоғарыда атап өткенімдей «Дәнекерлеу ісі» мамандығында «техник-механик» біліктілігі бойынша 3 курста оқимын. Колледжде келгелі мен өте көп нәрсені үйреніп білдім. Әкемнен үйренгенімді енді нағыз біліммен ұштастырып келемін, «Дәнекерлеу ісінің» қыр сыры өте көп. Өз мамандығын шын ниетімен сүйген адам ғана сол мамандықтың жасырынып жатқан қыры мен сырын ашып көре




алатынына көзім жетті. Дәнекерлеу ісі мамандығы бойынша біз шеберханада жұмыс жасаймыз.

«Менің мамандығым-менің міндетім» болғандықтан осы мамандықтың төңірегіндегі бар мәселелер мені қатты қызықтырады. «Дәнекерлеу ісі» мамандығының қазіргі таңда алатын орны мен ерекшеліктерін, беделін анықтау мақсатында мен колледж студенттерінен, өндірістегі дәнекерлеушілерден, басқа маман иелерінен, жалпы алғанда 32 адамнан сұрақ-жауап, 2 адамнан сұхбат алдым. Барлығы 7 сұрақты қамтыдым:

1) «Дәнекерлеу ісі» мамандығы қоғамға қажет пе?(иә, жоқ)

- 2) Оның қазіргі заманда қоғамда алатын орны қандай?(жоғ.,орта,төм.)
  - 3) Қоғамдағы беделі қандай?(жоғары,орта төмен)
  - 4) Сіз осы мамандықты не үшін таңдадыңыз? (ұнаған.,әке-шешемн., кәс.бағдар.)
  - 5) Қазіргі таңда осы мамандықтардың дайындау сапасы қандай?(ж.о.т)
  - 6) Қандай қиыншылықтар кездеседі?
  - 7) Мамандықтың беделін арттыру үшін не істеу керек?
- Алғашқы бес сұрақ бойынша:



Сауалнама нәтижесіне сүйенсек: дәнекерлеу ісі мамандығы қоғамға қажет пе? деген сұраққа ия -100%, оның алатын орны қандай? деген сұраққа орта-45%, мамандықтың қазіргі таңдағы қоғамдағы беделі қандай? деген сұраққа орта-60%, Сіз осы мамандықты не үшін таңдадыңыз? деген сұраққа ұнағаны үшін-45%, осы мамандықты дайындау сапасы қандай? деген сұраққа орта-46% жауап берді.

Сауалнаманы сараптай келе біз төмендегідей мәселелердің бар екеніне көз жеткіздік:

Ерекше көңіл аударатын мәселелер олар мамандықты өз еркімен қызығушылығы арқылы таңдағандар, ата-анасы арқылы, колледждің кәсіптік бағдар беруі арқылы таңдағандарды салыстыра қарағанда кәсіптік бағдар беру жұмысы арқылы келгендердің саны әлі де болса аз екені көрініп тұр, яғни кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жандандыру керек деген сөз, ал мамандықты не үшін таңдағандарына тоқталсақ, нақты түсінік бойынша, мақсатты түрде таңдағандардың саны жартысына жетпей отыр, бұл да көңіл аударатын мәселе, қоғамда алатын беделі қандай дегенде екі түрлі нәтижеге ие болдық, басқа маман иелері беделі жоғары десе, сол маман иелері беделі орташа деген ойды айтып отыр, яғни осы қайшылықты жою қажет екені белгілі болды, ал енді оқытылу сапасы қандай деген сұраққа келсек, тағы да қарама-қайшылыққа ие болдық, білім алушылар жақсы деп бағаласа, маман иелері төмен деген ойды білдіруде, олардың бірі Қазақстан Құбыр Зауытының сапа бойынша бас инспекторы Б.Х.Аубакиров мырзадан не үшін



төмен деп санайтынын сұрағанда көбінесе өндіріс орнына келген түлектердің сапасы өз деңгейінде болмайтынын, олардың тәжірибеден гөрі теорияны көбірек білетінін, сондай-ақ елімізде жоғары технологиялық өндірістердің жетіспейтіндігін, ал бұл деген сөз



негізгі мәселе тәжірибеге көп көңіл бөлу керек екендігін айқындайды.

### III. Қорытынды

Сауалнаманың нәтижелерін сараптай келе анықталған қиыншылықтарды, мәселелерді дұрыс шешсек, онда біз қазіргі таңда дұрыс жол таңдап, өз мамандығымызды дұрыс таңдап, Елбасымыз айтқандай дүниежүзілік бәсекелестікке қабілетті, құзыретті, білікті, кез-келген жағдаяттардан дұрыс шешім қабылдай білетін, өз мамандығымыздың маңыздылығын түсінетін маман болып қалыптаса аламыз. Жоғарыда атап өткендей, біздің колледжде жүргізіліп жатқандай, кәсіптік бағдарды дұрыс жүргізудің бір түрі ол білікті, білімді мамандармен кездесулер, дөңгелек үстелдер, өндіріс орындарына саяхаттар, сонымен қатар мектеп оқушыларын қазіргі таңда өтіп жатқан түрлі кәсіби сайыстарға көрермен ретінде қатыстыру, және Б.Х.Аубакиров мырза айтқандай, елімізде біліктілік деңгейін арттыру үшін шет ел компаниялар тарапынан жергілікті мамандарды жалдау сияқты жұмыстар жүргізілу керек деген ұсыныс айтқым келеді. Ал білім беру сапасын арттыру үшін, отандық әдебиеттердің санын көбейту керек, техникалық мамандықтарға арналған заманауи көрнекі құралдар мен тәжірибе алаңдарын көбейту керек, ал мамандықтың имиджін арттыру үшін қалалық, республикалық, халықаралық деңгейдегі сайыстарды көбейту керек, қазіргі таңда «WorldSkills» халықаралық маңыздылығы бар сайыстың ұйымдастырылып жатқанын білеміз. Біздің колледж осы сайысқа қатысу мүмкіншілігіне ие болып отыр. Мен өз мамандығымды қатты жақсы көремін. Мен үшін осы мамандықтың төңірегінде болып жатқан дүниенің бәрі қызық. Мен үнемі талпынып, әрекеттеніп, ізденіп келемін. Жақсы маман болу менің ойымша ең алдымен әр адамның өзіне тікелей байланысты. Мен биылғы оқу жылында «WorldSkills» қалалық сайысына қатысып I орынды жеңіп алдым, енді республикалық сайысқа жолдама алдым, өз колледжімнің, өз мамандығымның абыройын биіктету үшін, өз мамандығымның маңыздылығын көрсету үшін барымды салуға тырысудамын. Осы мамандықты таңдаңыздар деп бар мақтанышпен айта аламын. Біздің колледжге келіңіздер, өкінбейсіздер дегім келеді!



«Менің таңдаған мамандығым- ол менің келешектегі жауапкершілікпен атқаратын міндетім». Сол міндетті дұрыс атқару үшін, дұрыс білім алу қажет, өз мамандығыңа қызығуың қажет, дұрыс білім алу үшін, дұрыс таңдау жасай білу қажет, дұрыс таңдау жасай білу үшін, дұрыс кәсіби бағдар берілуі қажет.

### **Қолданылған әдебиеттер:**

1. Н.Назарбаевтың 2008-2014 жылдардағы халыққа жолдаулары
2. К.Борибеков «Проблемы развития технического и профессионального образования», 2008 ж.
3. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
- 4.сайт. [www.palata.kz](http://www.palata.kz) материалдары